

Аңдатпа

Дипломдық жұмыста ортдан тепкіш жүктемесі бар асинхронды электр жетегін басқарудың екі әдісі қарастырылған, оның көмегімен электр жетегін біртіндеп іске қосуға болады. Желдеткіш жүктемесі бар механизмдер үшін электр қозғалтқышын таңдау жүзеге асырылады, абсолютті бірліктердегі асинхрондық қозғалтқыштың эквиваленттік тізбегінің параметрлері анықтамалық-техникалық мәліметтерге сәйкес анықталады. Асинхрондық қозғалтқыштың табиғи және жасанды механикалық және электромеханикалық сипаттамаларының есептеулері жүргізіледі. Зерттеу барысында Matlab / Simulink бағдарламалық пакетінде екі имитациялық моделі жасалды: ЖТ-АҚ және ТКР-АҚ схемаларына сәйкес. Электр жетегін ортадан тепкіш механизмдердің жұмыс ауқымындағы жылдамдықты басқарумен ЖТ-АҚ және ТКР-АҚ жүйесімен салыстырылды.